

BAĞLAOQ - 2023

# СОНСАҒЫЗ ЖЕТЕЛӨЙТІН САН БАҒА, ЖЕЛЕНДЕР ЖАЗЫЛАҒЫ, «АБАҒА»!



Бүгінгі таңдағы «Абағар» газетінің «Қызыл» нұсқасын қалай оқығанымызды білеміз. Бірақ, қалай оқығанымызды білмейміз.

1994 жылы республикамыз қайта құрылды. Қазақстан республикасының тәуелсіздігі.

Жұртқа, қазақстанға қайта құрылды. Бірақ, қалай оқығанымызды білмейміз. Бірақ, қалай оқығанымызды білмейміз. Бірақ, қалай оқығанымызды білмейміз.

Қазақстанда, республикамыз қайта құрылды. Бірақ, қалай оқығанымызды білмейміз. Бірақ, қалай оқығанымызды білмейміз. Бірақ, қалай оқығанымызды білмейміз.

Қазақстанда, республикамыз қайта құрылды. Бірақ, қалай оқығанымызды білмейміз. Бірақ, қалай оқығанымызды білмейміз. Бірақ, қалай оқығанымызды білмейміз.

Маусым - 1996

Әрбір бағаны  
қалай білеміз

1 нұсқа - 270,00  
2 нұсқа - 280,00

Әрбір бағаны  
қалай білеміз

1 нұсқа - 274,00  
2 нұсқа - 284,00

Әрбір бағаны  
қалай білеміз

Әрбір бағаны

Қалай білеміз

Қалай білеміз

Қалай білеміз

Қалай білеміз

Қалай білеміз

АБАҒА

# АБАҒА 4.2023

## Абай арманы жайында бірер сөз

Абай арманын ұлттық және жалпыадамзаттық деп екі сатыда қарастыруға болады. Ұлттық арманы – қазақ халқы өзге халықтармен терезесі тең болса дегендік еді. Сол үшін шаршамай, талмай ғылым-білім алуға, өнерлі болуға шақырды. Поэзиясы мен қара сөздерін елдік сана-сезімді оятуға, өмірдің мән-мағынасын үйретуге арнады. Абай қазақ жастары қандай болса екен деп армандағаны сүйікті баласы Әбішке арналған жоқтау өлеңдерінен анық көрініс береді. Мысалға:

Кешегі өткен ер Әбіш,  
Елден бір асқан ерек-ті.  
Жүрегі – жылы, бойы – құрыш,  
Туысы жаннан бөлек-ті.  
Өнері оның жұрт асқан,  
Ғылымға көңілі зерек-ті, –

дейді. Әбіш неліктен елден асқан ерек болды? Абай оның жүрегі жылы және ғылымға іңкәр болғанын баса айтып отыр. Міне, елден ерек қылатын осы екі қасиет. Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын білудің, яғни толық білім егесі болудың мәнісі осы екі қасиетке тірелмекші.

Бұл жайында «Жиырма жеті жасында» деп басталатын келесі өлеңінде Абай:

Дүниелікке көңілі тоқ,  
Ағайынға бауырмал.  
Ғылым оқып білгенше,  
Тыным, тыныштық таппаған.  
Дүниені кезіп көргенше,  
Рахат іздеп жатпаған.

...Жаңа жылдың басшысы – ол,

Мен ескінің арты едім, –

деп жалғастырған. «Жаңа жылдың басшысы» дегені – ғылыми-техникалық прогресс өрнек жаятын келешекті меңзегені. Міне, біз қазір сол дәуірде өмір сүрудеміз. Бірақ жас буынды Абай армандаған жылы жүректі және ғылымға ынтық азамат қылуға баулыдық па? Жоқ, олай болмады.

Кезінде Абай:

Я тілмаш, я адвокат,

Болсам деген бәрінде ой, –

десе, қазіргі күні көкейімізді тескен коттедже тұрсам, джип мінсем деген ой. Мұндай мақсаттан шыққан мүйізіміз кәне. Ар емес, пайда ойлап, алдымен экономика деп сандалдық, ең жаманы, қанағатсыздық, ашкөз тойымсыздық, менмендік, жемқорлық қаулады. Беруге емес, тек алуға бейім тұтынушыға айналдық. Өмір шындығы осы.

Отыз жыл бос өтті, Абай сілтеген бағыттан жаңылдық «әй, қап!» деп сан соғып өкініп жүрміз бе? Қайдағы? Ол ол ма, Абайдың қазақты бірде-бір рет мақтамағаны (мақтанға салынған солтүстік көршінің қалай бүлінгенін көріп отырмыз), тек жамандай бергені несі деп «өкпелеп» президентке хат жазғандар шығып жатыр. Бір мысал алайын.

Таяуда *абай. kz* порталында жарық көрген «Қара сөзді оқыған сайын қазақ нақұрыстана береді...» деген мақаласында Жанұзақ Әкім тақырыбы айтып тұрғандай бар кінәні Абайға артып, рухани көсемді жерден алып, жерге салыпты. Абай айтып кеткен кемшілік мінездерден арылып болдық дегені ме, бұл пақырың асыл мұраға ревизия жасайық деген. Зиялы қауым атынан қара сөздердегі «қазақты ұлт ретінде қаралап, рухын жер қылатын сөйлемдерді алып тастауды» ұсынған. Қара сөздерді Абай жазбаған, 1930-шы жылдары НКВД жазған деген күпір ой да тастаған. Ал, сөйле...

Автор ұлы тұлғаны мұқату арқылы өзінің білгіш, оқымысты екендігін көрсетіп қалуды көздеген сияқты. Әйтпесе осы күнгі қазақ әңгүдік, нақұрыс, мәңгүрт болуына Абайды кінәлау сау ақылдың ісі ме. Онан асқан кімің бар? Біле білсек, адам болам деген талай буын Абайдан үлгі алып өсті. Хакім қазақты жылатып айтып, көзін ашты. Көпшілік ащы сынды дұрыс қабылдап келді, әмісе солай бола да бермек. Ал Жанұзақ Әкім сияқты хакімді түземекші сорлының Алла тағала тұрмақ, өзінің болмысын тани алмаған деңгейі паш етіліп, масқарасы шығып отыр. Абай советтік дәуір тұтқында қалып отыр, бұл растық, мәселен, толық жинағына бір ауыз жаңа сөз қоса алмадық (сапалы қағазбен, көп тиражбен «бас пенсионердің» ғана кітаптары жарық көрді). Соның салдары болар, Абай деңгейінде бір өлең я бір қара сөз жазып көрмесе де, кемеңгерге сын айтып, оны оқытпайық, шектейік дейтін, қала берді, даналық танымдарына дидактика деп қарайтын бөспелер көбейіп кетті. Абай мәңгілік піріміз, оған соқтығу «атың шықпаса жер өртенің» кері ғана. Сондықтан: «Екі күймек бір жанға әділет пе?», «Сен есірке, тыныш ұйықтат, бақ сөзіме!» деп өзі ескертіп кеткендей, оңды-солды шабуыл жасауды доғарып, сөзіне бағатын кез келді деген ойдамын. Ұлт деңгейінде Абай арманы – әр қазақтың жүрегі жылы және ғылымға іңкәр болуы дедік. Әзірге түзеліп кеткеніміз шамалы, қазақ қауымын «замана илеп-ақ» жатыр. Неге десеңіз, дүниеге Абайдың көзімен қараудан аулақпыз. Үйренбедік, тіпті кері бағытқа бұрдық. «Менікі деп жүргеннің бәрі Оныкі» екенін білмейміз, білсек те, ескермедік.

Абайдың әлемдік деңгейдегі арманы қайсы? Енді осыған тоқталайын. Ол арманы – «Адамзаттың бәрін бауырым деп сүйетін» қайырымды қоғам. Батыс-Шығыс, мейлі, басқадай бөліністер болсын, бәрінің ортақ анасы – жан мен тәннің күресі. Ол жайында Абай:

Махаббат ғадауатпен майдандасқан,

Қайран менің жүрегім мұз болмай ма? –

дейді. Демек, жан мен тәннің таласы мәңгілік. Құтылу жоқ. Күн мен түннің алмасуы сияқты құбылыс болғандықтан қос тізгінді тең ұстау шарт. Ал, оның амалы – адам санасына бүтін (толық) ғылымды сіңіру! Жаңағы Батыс пен Шығыс өркениеті неліктен бөлек? Оған ғылым-білімнің бүтін (толық) еместігі кінәлі. Батысқа керегі – тек дүниені танымақтық. Алланы және өзін танымақтық ғылымын аулақ серпеді, ол – мистика деп. Сөйтіп, Батыстың күштілігі де, осалдығы да – жарым ғылымға тіреледі (біздің оқу-білім жүйеміз батыстық үлгіде қазір, жоғарыда айтылған рухани азып-тозу, жарым адамдық хәліміздің бір себебі сол. Алланы және өзін тануға құлықсыз қоғам жақсы менен жаманды қайтіп айырсын...).

Шығыс әлемі ше? Оның басым бөлігінде құдайшылық рухы мықты. Батыс ақылға жүгінсе, Шығыс сенім мен жүректі қалады. Алайда 15 ғасырдан беріде «һаммаға харекет беретұғын Ғылым» (Абай) екендігін ескермеді. Ғылымның жолы жіңішкеріп, шырағы сөнді.

Сөйтіп, біліп отырмыз, Батыстың да, Шығыстың да дамуы сыңаржақты, бейнелеп айтқанда, біріншісі – соқыр, екіншісі – ақсақ. Оған себепкер, тағы айтайық, ғылым-білімнің толық еместігі, заттық әлемнің рухты билеп-төстеп атша мініп алғандығы. Оған айнала түгел дәлел. Бұл жерде «Тұрмысты сана билесін» деп жар салудан аулақпын. Бұлай деу жалаң арман. Абайдың көзқарасы, ілімі бойынша екі жақ – жан мен тән талабы тең ұсталуы керек. Сонда ғана адамзат көші адаспай, тура жолын таппақшы.

**Қорытынды:** ұлы Абай қазақтың бас ақыны ғана емес, бүкіладамзаттың ұстазы. Батыс пен Шығыс өркениеттері табысатын, оларды ортақ мәмілеге бастайтын жол – бүтін ғылымды меңгеру (әзірге ғылым-білім жартыкеш). Абайдың даналық трактаты – «Тасдиқ»-ты әлемге таныту мен мойындату ісі соның үшін де керек.

**Асан Омаров**